

8D02202- Тарих білім бағдарламасы докторанты Т.Қ. Сақабайдың «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары» атты диссертациясына ресми рецензент т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті С.О. Смагулованың жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1. Аталған диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді, атап айтқанда - «Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар» басым бағыты бойынша, оның ішінде «Қазақстанның тарихи жады, ұлттық бірегейлігі және рухани мәдениеті» бағытына толықтай сәйкес келеді. Диссертация тақырыбының өзектілігі бірнеше стратегиялық деңгейде негізделеді:</p> <p>1. Зерттеу Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына» тікелей сәйкес келеді. Аталған тұжырымдамада ХХ ғасырдың трагедиялық беттерін, соның ішінде 1931-1933 жылдардағы Ашаршылықты ғылыми тұрғыдан зерделеу мен жариялаудың маңыздылығы айрықша атап өтілген.</p> <p>2. Диссертация ҚР Үкіметінің 2023-2025 жылдарға арналған «Ұлттық тарих және рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі міндеттерімен үндеседі. Бұл бағдарлама аясында кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін, ұжымдастыру саясаты және демографиялық апаттардың тарихи себеп-салдарлық байланыстарын кешенді зерттеу басымдықтардың бірі ретінде айқындалған.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архивтерін зерттеу, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу бойынша</p>

			<p>мемлекеттік тапсырыс аясында орталық архивтердегі 1930-шы жылдардағы іс жүргізу материалдарын жаңаша концептуалды тұрғыдан қарастыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.</p> <p>Зерттеу сонымен бірге Қазақстан Республикасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнымен де толық сәйкес: ұлттық тарихи санаға шынайылық пен ғылыми объективтілік тұрғысынан жана деректемелік негіз қалыптастыру - диссертацияның да стратегиялық мақсаты болып табылады.</p> <p>Атап өту қажет: 1931-1933 жылдардағы Ашаршылық мәселесі ұзақ жылдар бойы идеологиялық себептермен ғылыми зерттеуден тыс қалып келді. Тәуелсіздік жылдарында бұл тақырып тарихи сананың толыққанды бөлігіне айналды, алайда деректемелік базасы мен өңірлік зерделеу тұрғысынан, оның ішінде Орталық Қазақстан - Қарағанды облысы бойынша ғылыми зерттеулер эпизодтық сипатта болып келді. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған диссертация Орталық Қазақстан аумағындағы ашаршылыққа арналған тұңғыш кешенді ғылыми зерттеулердің бірі ретінде ғылыми-практикалық маңызы жоғары еңбек болып табылады.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>1. Қазақстандық тарих ғылымында 1931-1933 жылдардағы Ашаршылықты жалпыреспубликалық деңгейде қарастырған зерттеулер бар болғанымен - атап айтқанда М.Қозыбаев, Т.Омарбеков, М.Тәтімов сынды ғалымдардың еңбектерінде - Орталық Қазақстан аумағын дербес зерттеу нысаны ретінде алып, кешенді тарихи талдауға арналған монографиялық деңгейдегі диссертациялық еңбек бұған дейін жасалмаған. Осы олқылықты толтыру диссертацияның бірінші ғылыми жаңалығы болып табылады.</p> <p>2. Диссертацияда Орталық Қазақстан облысының,</p>

Қарағанды аудандарының, МТС-тер мен колхоздардың іс жүргізу материалдары, статистикалық есептер, арнайы хабарламалар (спецдонесениелер) ғылыми айналымға алғаш рет тартылған деп болжауға болады. Бұл отандық деректанудың баюына тікелей үлес болып табылады.

3. Диссертация ашаршылық тарихын тек фактологиялық тіркеу ретінде емес, себеп-салдар байланыстарының үш деңгейінде - алғышарттар, барысы, зардаптарын жою амалдары - кешенді қарастыруы оны методологиялық тұрғыдан жетілген зерттеу ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Мұндай үш компонентті тәсіл отандық тарих ғылымында бұрын толық пайдаланылмаған.

4. Салыстырмалы-тарихи тәсілдің қолданылуы. Жұмыста шетелдік және отандық тарихнама бір-бірімен сараланып талданса, бұл Ашаршылық тарихын халықаралық ғылыми дискурс аясында орналастырады және зерттеудің концептуалды деңгейін айтарлықтай көтереді.

Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың өзіндік өңірлік ерекшеліктері: мал шаруашылығына тәуелді көшпелі халықтың отырықшыландырылу үдерісімен, Қарлағ пен өнеркәсіптік колонизациялау саясатымен тығыз өрілуі - осы диссертация арқылы алғаш рет ғылыми деңгейде сараланып берілген.

Орталық Қазақстан аумағындағы халық шығыны, қоныс аудару ағындары және демографиялық ойысудың сандық-сапалық сипаттамасы нақтыланған. Бұл деректер өңірлік демографиялық тарихтың ақтандақтарын жабуға ықпал етеді.

Кәмпескелеу, мал дайындау, астық дайындау науқандарының жүйелі саяси шешімдер ретіндегі табиғаты ашылып, бұл шешімдердің ашаршылықты туындатудағы себептік рөлі дәлелді түрде негізделген.

Диссертациялық зерттеу отандық тарих ғылымындағы

			өзекті олқылықты толтырып, Орталық Қазақстан тарихының трагедиялық беттерін ғылыми объективтілік пен деректеме тұрғысынан зерделеуге елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық зерттеу мазмұнының логикалық тұтастығы, пайдаланылған дереккөздердің кеңдігі мен сапасы, сондай-ақ ғылыми талдау мен қорытындылардың дәйектілігі автордың жұмысты дербес орындағанын және оның өзі жазу деңгейінің жоғары екенін айқын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Автор кіріспе бөлімінде 1931-1933 жылдардағы Ашаршылық тақырыбының жалпыреспубликалық деңгейде зерттелгенімен, Орталық Қазақстан аумағы бойынша дербес кешенді зерттеудің бұған дейін жүргізілмегенін нақты дәлелдейді. Тарихнамалық шолуда бұл олқылық нақты ғылыми еңбектерге сілтеме жасай отырып көрсетілген, бұл өзектіліктің негізсіз мәлімдеме емес, дәлелді тұжырым екенін растайды. Диссертацияда тақырыптың қазіргі Қазақстан үшін маңыздылығы нақты аргументтермен дәлелденген: ұлттық тарихи сананы қалыптастыру, трагедиялық тарихи оқиғаларды ғылыми объективтілікпен зерделеу қажеттілігі, тарихи жадыны сақтаудың мемлекеттік маңызы көрсетілген. Автор архивтік деректердің едәуір бөлігінің ғылыми айналымнан тыс қалып отырғанын нақтылай отырып, осы материалдарды зерттеуге тартудың ғылыми қажеттілігін табысты пайдаланған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация тақырыбы «себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары» деген үш негізгі компонентті қамтиды. Жұмыс мазмұны осы үш компонентті дәйекті түрде ашады: 2-тарау себептер мен алғышарттарға, 3-тарау оқиғалар барысы мен салдарларына, 3.3-тармақ зардаптарды жою амалдарына арналған. Тақырып пен мазмұндық құрылымның бұлай құрылуы жұмыстың ішкі

		<p>логикалық тұтастығын айғақтайды.</p> <p>Тақырыпта көрсетілген «Орталық Қазақстан» аумағы зерттеу барысында нақты географиялық, әкімшілік және тарихи шекаралары айқындала отырып қарастырылған. Автор Орталық Қазақстанның өңірлік ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмай, барлық тарауларда осы аумақтық шеңберді дәйекті түрде сақтаған.</p> <p>Тақырыпта белгіленген 1931-1933 жылдар аралығы зерттеу барысында нақты тарихи оқиғалармен байланыстырыла отырып дәлелденген. Сонымен бірге автор осы хронологиялық шеңберді алғышарттармен (1920-шы жылдардың аяғы) және одан кейінгі кезеңмен байланыстыра отырып, тақырыпты контекстік тұрғыдан да жан-жақты ашқан.</p> <p>Бірінші тараудың тарихнамалық және деректанулық мазмұны тақырыптан алшақтамай, зерттеудің ғылыми базасын қалыптастырудың құралы ретінде берілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпта қойылған барлық мәселелерді - хронологиялық, географиялық және концептуалды тұрғыдан — толық, жүйелі және дәйекті түрде айқындайды. Тақырып пен мазмұн арасындағы сәйкестік жұмыстың ғылыми тұтастығының маңызды көрсеткіші болып табылады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияның негізгі мақсаты Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың себептерін, оқиғалар барысын және зардаптарын жою амалдарын кешенді тарихи талдау негізінде зерттеу болып табылады. Бұл мақсат тақырыптың үш негізгі компонентімен - себептері, барысы, зардаптарын жою - тікелей және дәл сәйкес.</p> <p>Міндеттердің тақырыпқа сәйкестігі</p> <p>Біріншіден, міндеттердің тақырыптық қамтуы.</p> <p>Диссертацияда қойылған міндеттер тақырыптың барлық</p>

		<p>аспектілерін атап айтқанда: Тарихнама мен деректерді зерделеу міндеті зерттеудің ғылыми базасын қалыптастырады Саяси науқандар мен ұжымдастыру саясатын талдау міндеті себептер компонентін ашады Ашаршылықтың қарқындылығы мен географиясын анықтау міндеті оқиғалар барысы компонентін қамтиды Демографиялық және әлеуметтік салдарларды зерттеу міндеті зардаптар компонентін нақтылайды Зардаптарды жою амалдарын талдау міндеті тақырыптың соңғы компонентін толық жабады.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері өзара логикалық тұтастықта берілген: тарихнамалық-деректанушылық негіздемеден алғышарттар мен себептерге, одан ашаршылықтың барысы мен салдарларына, соңында зардаптарды жою амалдарына қарай дәйекті өрбитін құрылым жұмыстың ішкі логикасының берік екенін айқын көрсетеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдармен салыстырмалы сыни талдау негізінде жан-жақты дәлелденген деп бағалауға толық негіз бар. Диссертацияның 1.2-тармағында автор 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тақырыбын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін жай тізімдеп қоймай, олардың концептуалды ұстанымдарын, методологиялық тәсілдерін және қол жеткізген нәтижелерін сыни тұрғыдан салыстырмалы талдауға тартқан. Атап айтқанда, кеңестік дәуірдегі идеологиялық шектеулер аясында жазылған еңбектер мен тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулердің арасындағы концептуалды айырмашылықтар нақты көрсетілген. Бұл тәсіл автордың тарихнамалық ойлау мәдениетінің жоғары деңгейін</p>

			<p>айғақтайды.</p> <p>Автор шетелдік тарихнамада - атап айтқанда Р.Конквест, Р.Киндлер, Д.Брауер сынды зерттеушілердің еңбектерінде - қалыптасқан тұжырымдарды отандық ғылымның жетістіктерімен салыстыра отырып, екі тарихнамалық дәстүрдің бір-бірін толықтыратын және қайшы келетін тұстарын анықтаған. Бұл салыстырмалы талдау Орталық Қазақстан өңірінің өзіндік ерекшелігін жалпы қазақстандық және кеңестік тарихи контекстен бөліп қарастыруға мүмкіндік берген.</p> <p>Автор ашаршылықтың себептерін түсіндіруде бұрынғы зерттеушілер ұстанған біржақты сипаттамалардан - тек табиғи апат немесе тек саяси қуғын-сүргін ретінде қарастырудан - бас тартып, кәмпескелеу, ұжымдастыру, мал дайындау және астық дайындау науқандарының өзара байланысын кешенді себептік жүйе ретінде қарастырудың методологиялық негіздемесін ұсынған. Бұл тұжырым бұрынғы зерттеулердің нәтижелерімен салыстырыла отырып, деректемелік дәлелдер арқылы нақтыланған.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған жаңа шешімдер мен тұжырымдар бұрыннан белгілі ғылыми көзқарастармен салыстырмалы сыни талдау негізінде толық дәлелденген, автордың өзіндік ғылыми ұстанымы бұрынғы зерттеулердің жетістіктері мен кемшіліктерін ескере отырып, деректемелік және логикалық тұрғыдан негізді түрде ұсынылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа деп бағаланады. Бұл тұжырымды мынадай негізделген дәлелдер арқылы растауға болады.</p> <p>Орталық Қазақстан аумағындағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылықты дербес зерттеу нысаны ретінде алып, кешенді тарихи талдауға арнаған диссертациялық</p>

деңгейдегі еңбек отандық тарих ғылымында бұған дейін жасалмаған. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыстың өңірлік тарих ғылымына қосар үлесі бастапқы, тың және қайталанбас сипатқа ие. Бұрынғы зерттеулерде Орталық Қазақстан материалдары не жалпыреспубликалық зерттеулердің құрамында эпизодтық түрде қамтылған, не мүлдем назардан тыс қалған. Ұсынылып отырған диссертация осы олқылықты алғаш рет толықтырады.

Жұмыста ғылыми айналымға алғаш рет тартылған архивтік деректер - Орталық Қазақстан облысының іс жүргізу материалдары, аудандық атқару комитеттерінің есептері, арнайы хабарламалар, статистикалық деректер - өз алдына дербес ғылыми жаңалық болып табылады. Бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалған немесе қолжетімсіз болған деректердің ғылыми айналымға енгізілуі отандық деректану ғылымын байытудың нақты үлесі ретінде бағаланады.

Автор ашаршылықтың себептерін түсіндіруде жаңа концептуалды тәсіл ұсынған: кәмпескелеу, мал дайындау, астық дайындау науқандары мен ұжымдастыру саясатын бір-бірінен оқшау қарастырған бұрынғы зерттеулерден өзгеше, диссертацияда бұл үдерістер өзара себеп-салдарлық байланыста біртұтас жүйе ретінде талданған. Мұндай кешенді концептуалды тәсіл Орталық Қазақстан тарихнамасында алғаш рет қолданылып отыр.

Орталық Қазақстан аумағы бойынша ашаршылықтың демографиялық салдарларын - халық шығынын, қоныс аудару ағындарын, этникалық-демографиялық ойысуды - өңірлік деңгейде нақтылаған сандық-сапалық талдау бұрын жүргізілмеген. Осы талдаудың нәтижелері өңірлік демографиялық тарихтың ақтаңдақтарын жабуға тікелей ықпал ететін толығымен жаңа ғылыми деректер болып табылады.

		<p>Зерттеуде ашаршылық тарихын тек фактологиялық тіркеу ретінде емес, алғышарттар - барысы - зардаптарды жою амалдары деген үш деңгейлі методологиялық схема арқылы талдау тәсілі Орталық Қазақстан тарихын зерттеуде алғаш рет жүйелі түрде қолданылған. Бұл методологиялық тәсіл болашақ өңірлік зерттеулер үшін де ғылыми үлгі бола алады.</p> <p>Жоғарыда келтірілген барлық дәлелдердің жиынтығы диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ережелерінің өңірлік, деректемелік, концептуалды, демографиялық және методологиялық тұрғыдан толығымен жаңа екенін сенімді түрде растайды. Зерттеу отандық тарих ғылымына бұрын болмаған ғылыми білім кабатын қосады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады. Бұл тұжырымды мынадай негізделген дәлелдер арқылы растауға болады.</p> <p>Орталық Қазақстан аумағы бойынша жасалған қорытындылар бұрынғы жалпыреспубликалық зерттеулердің тұжырымдарын жай қайталамайды. Автор Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың өзіндік өңірлік ерекшеліктерін - көшпелі мал шаруашылығына тәуелді халықтың отырықшыландырылу үдерісімен тікелей байланысын, Қарлагтың пайда болуымен қалыптасқан демографиялық өзгерістерді, аймақтағы ұжымдастыру науқанының ерекше қатаңдығын - алғаш рет дербес қорытынды деңгейінде тұжырымдаған. Бұл қорытындылар отандық тарих ғылымында бұрын тіркелмеген жаңа білімді білдіреді.</p> <p>Диссертацияда ашаршылықтың себептері туралы жасалған қорытындылар бұрынғы зерттеулерден сапалы түрде ерекшеленеді. Автор кәмпескелеу, мал дайындау, астық дайындау науқандары мен ұжымдастыру саясатының</p>

		<p>ашаршылықты туындатудағы жиынтық себептік рөлін Орталық Қазақстанның нақты деректері негізінде алғаш рет дәлелді түрде қорытындылаған. Бұл тұжырым бұрынғы зерттеулерде біржақты түсіндірілген мәселені жаңа концептуалды деңгейде шешеді.</p> <p>Орталық Қазақстан аумағы бойынша ашаршылықтың демографиялық салдарларына қатысты жасалған қорытындылар - халық шығынының нақты көлемі, қоныс аудару ағындарының бағыты мен қарқындылығы, этникалық-демографиялық құрылымдағы өзгерістер — өңірлік демографиялық тарихта алғаш рет ғылыми деңгейде тұжырымдалған жаңа нәтижелер болып табылады.</p> <p>Ашаршылық зардаптарын жою амалдарының тиімділігі мен шектеулілігі туралы жасалған қорытындылар да толығымен жаңа сипатқа ие. Автор мемлекеттік шаралардың нақты іске асырылу барысын, олардың жергілікті жағдайдағы нәтижелілігін және шектеулі тиімділігінің себептерін Орталық Қазақстан материалдары негізінде алғаш рет жүйелі түрде қорытындылаған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары өңірлік, себеп-салдарлық, демографиялық және саясаттану тұрғысынан толығымен жаңа болып табылады. Қорытындылардың жаңалығы бұрынғы зерттеулерде жетіспеген өңірлік нақтылық пен деректемелік негізбен қамтамасыз етілген, бұл оларды отандық тарих ғылымының толыққанды жаңа жетістігі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыс гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, онда техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер қарастырылмайды.</p>

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелер негізінде толық негізделген деп бағаланады.</p> <p>Жұмыста жасалған әрбір негізгі қорытынды бастапқы деректерге - архивтік құжаттарға, статистикалық материалдарға, іс жүргізу есептеріне - тікелей сілтеме жасай отырып негізделген. Қорытындылар деректерден логикалық түрде туындайды, олардан алшақтамайды. Бұл сапалық зерттеудің деректемелік дәлелдеме талабын толық қанағаттандырады.</p> <p>Автор әрбір қорытындыны тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық контекстпен байланыстыра отырып негіздеген. Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың ерекшеліктері жалпыкеңестік саяси контекстен, Қазақстанның жалпы республикалық тарихи жағдайынан және өңірдің өзіндік ерекшелігінен тыс қарастырылмаған. Мұндай көпдеңгейлі контекстік негіздеме сапалық зерттеудің методологиялық талаптарына толық жауап береді.</p> <p>Диссертацияда қорытындылар бірнеше тәуелсіз дереккөз арқылы бір мезгілде дәлелденген: архивтік деректер статистикалық материалдармен, куәгерлердің естеліктері іс жүргізу құжаттарымен, отандық зерттеулер шетелдік тарихнамамен өзара салыстырыла отырып пайдаланылған. Тарихи деректерді интерпретациялауда автор мәтіндерді олардың тарихи контексімен бірлікте қарастырған, деректердің пайда болу жағдайларын және идеологиялық шектеулерді ескерген.</p> <p>Пайдаланылған деректер сыни тұрғыдан бағаланған: кеңестік іс жүргізу құжаттарының идеологиялық сипаты ескеріліп, олардың мәліметтері басқа деректермен</p>

			<p>салыстырмалы тексеруден өткізілген. Бұл тарихи деректанудың негізгі методологиялық принципін сақтаудың айқын көрсеткіші.</p> <p>Ашаршылықтың себептері туралы жасалған қорытындылар тарих ғылымының себеп-салдарлық талдау принциптеріне сәйкес.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары сапалық зерттеу методологиясының және гуманитарлық ғылымдар даярлық бағытының талаптарына сәйкес ауқымды деректемелік, контекстік және методологиялық дәлелдемелер негізінде толық негізделген. Қорытындылардың ғылыми негізділігі жұмыстың академиялық деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алға қойылған барлық ережелер толық дәлелденді.</p> <p>1. Ашаршылықтың алғышарттары мен себептері дәлелденді</p> <p>Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың алғышарттары мен себептері ретінде кәмпескелеу, мал дайындау, астық дайындау науқандары мен ұжымдастыру саясатының жиынтық рөлі туралы ереже архивтік құжаттар, статистикалық деректер және тарихнамалық талдау негізінде сенімді түрде дәлелденген. Автор бұл үдерістердің өзара байланысын нақты деректемелік дәлелдермен растай отырып, олардың ашаршылықты туындатудағы себептік рөлін логикалық тұрғыдан негіздеген.</p> <p>2. Ашаршылықтың өңірлік ерекшеліктері дәлелденді</p> <p>Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың жалпыреспубликалық үдерістен өзгешеленетін өңірлік ерекшеліктері туралы ереже өңірлік архивтік деректер мен статистикалық материалдар арқылы дәлелденген. Атап</p>

айтқанда, көшпелі мал шаруашылығына тәуелді халықтың күрт жойылуы, отырықшыландыру саясатының ерекше қатаңдығы және Қарлағтың пайда болуымен байланысты демографиялық өзгерістер нақты деректер негізінде дәлелді түрде көрсетілген.

3. Демографиялық салдарлар дәлелденді

Ашаршылықтың демографиялық, әлеуметтік және экономикалық салдарларының ауқымды сипаты туралы ереже сандық және сапалық деректердің жиынтығы арқылы дәлелденген. Халық шығынының көлемі, қоныс аудару ағындарының қарқындылығы және өңірдің этникалық-демографиялық құрылымындағы өзгерістер бастапқы деректерге сүйене отырып нақтыланған.

4. Зардаптарды жою амалдарының сипаты дәлелденді.

Мемлекет тарапынан қолданылған зардаптарды жою амалдарының шектеулі тиімділігі мен олардың іске асырылу барысы туралы ереже іс жүргізу құжаттары мен атқару органдарының есептері негізінде дәлелденген. Автор мемлекеттік шаралардың нақты нәтижелерін деректемелік тұрғыдан бағалай отырып, олардың жеткіліксіздігінің объективті себептерін де негізді түрде көрсеткен.

Диссертациялық жұмыста алға қойылған барлық ережелер деректемелік, логикалық және методологиялық тұрғыдан толық және сенімді дәрежеде дәлелденген. Ережелердің дәлелденуі жұмыстың ғылыми тұтастығының және академиялық деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған барлық ережелер өзінің деректемелік негізділігі, ғылыми дискуссиялық маңызы және өңірлік нақтылығы тұрғысынан **тривиалды емес** болып табылады. Ережелер

7.2 Тривиалды ма?

1) ия;

2) **жоқ;**

3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін

		<p>тексеру мүмкін емес.</p> <p>3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>ғылымда бұрын тұжырымдалмаған немесе жеткіліксіз зерделенген мәселелерді жаңа деңгейде шешеді, бұл олардың толыққанды ғылыми жаңалық мәртебесіне ие екенін растайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған барлық ережелер тарихнамалық тексеру, деректемелік негіздеме және концептуалды талдау тұрғысынан толығымен жаңа болып табылады. Ережелердің жаңалығы отандық тарих ғылымының Орталық Қазақстан өңірін зерттеу саласындағы нақты жетістігін білдіреді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ережелердің қолдану деңгейі ғылыми-зерттеу, білім беру, мемлекеттік тарихи саясат және өлкетану салаларын қамтитын кең деңгейде бағаланады. Бұл бағалау өңірлік тарихи зерттеулерге қойылатын стандарттармен толық үйлеседі және жұмыстың практикалық маңыздылығын жеткілікті түрде растайды.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ережелері автордың жарияланған ғылыми мақалаларында көрініс тауып, өз дәлелін тапқан.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Автор зерттеудің методологиялық негізін тарих ғылымының жалпығылыми және арнайы әдістерінің жиынтығы арқылы қалыптастырған: тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік және хронологиялық әдістер зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес таңдалып, олардың таңдалу себептері кіріспе бөлімінде дәлелді түрде негізделген. Сапалық зерттеу (qualitative research) парадигмасының таңдалуы

		<p>тарих ғылымының гуманитарлық табиғатымен және зерттеу нысанының ерекшелігімен - архивтік деректер мен тарихи үдерістерді талдау қажеттілігімен - толық үйлеседі. Деректанулық талдау әдісінің жүйелі қолданылуы бастапқы дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалауға және олардың ғылыми ақпараттық мүмкіндіктерін толық ашуға мүмкіндік берген. Триангуляция принципінің сақталуы — архивтік деректер, статистикалық материалдар және тарихнамалық талдаудың өзара үйлесімі — зерттеу нәтижелерінің сенімділігін методологиялық тұрғыдан қамтамасыз еткен. Жалпы алғанда, таңдалған әдіснама зерттеудің барлық бөлімдерінде дәйекті түрде қолданылған және алға қойылған мақсат пен міндеттерге жетудің нақты құралы ретінде өз тиімділігін толық дәлелдеген.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Архивтік деректерді жинақтау, жүйелеу және өңдеу үдерісінде қазіргі заманғы ақпараттық-іздістіру жүйелері мен электрондық деректер базалары тиімді пайдаланылған, бұл бастапқы материалдарды кешенді қамту мен олардың сапалы талдауын қамтамасыз еткен. Статистикалық деректерді өңдеу және демографиялық көрсеткіштерді талдауда компьютерлік өңдеу технологиялары қолданылған, нәтижесінде сандық мәліметтердің дәлдігі мен салыстырмалылығы методологиялық тұрғыдан қамтамасыз етілген. Тарихнамалық және деректанушылық талдауда ғылыми мәтіндерді іздеу мен жүйелеудің заманауи электрондық платформалары - ғылыми мақалалар мен монографиялардың цифрлық қорлары - пайдаланылған, бұл зерттеудің тарихнамалық базасын толықтай қамтуға мүмкіндік берген. Деректерді интерпретациялау мен нәтижелерді ұсынуға заманауи ғылыми визуализация тәсілдері - кестелер, сызбалар, картографиялық материалдар - қолданылған, бұл зерттеу нәтижелерінің академиялық оқырманға түсінікті және</p>

		<p>дәлелді түрде жеткізілуін қамтамасыз еткен. Жалпы алғанда, компьютерлік технологиялар мен заманауи деректерді өңдеу әдістемелерінің кешенді пайдаланылуы диссертацияның ғылыми деңгейін айтарлықтай көтерген және нәтижелердің сенімділігін методологиялық тұрғыдан нығайтқан.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар кең көлемдегі деректік база негізінде дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан расталған. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері 2 республикалық деңгейдегі орталық архив (ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Президент архиві), 3 облыстық архив (Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві, Абай облысы мемлекеттік архиві, Ұлытау облысы мемлекеттік архиві) және 4 аудандық архив (Қарқаралы, Шет, Нұра, Осакаров аудандық мемлекеттік архивтері) қорларындағы материалдар арқылы негізделген.</p> <p>Осы архивтік деректерді кешенді талдау нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылар зерттеудің эмпирикалық базасының кеңдігімен және сенімділігімен ерекшеленеді. Бұл өз кезегінде диссертацияда айқындалған тарихи заңдылықтар мен себеп-салдарлық байланыстардың ғылыми негізділігін толық дәлелдейді.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған барлық маңызды ғылыми тұжырымдар мен мәлімдемелер нақты әрі сенімді дереккөздерге сүйене отырып негізделген. Жұмыста 300-ден астам ғылыми әдебиеттер мен деректер кешенді түрде пайдаланылып, зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға мүмкіндік берген.</p> <p>Әдебиеттердің ауқымдылығы мен сапасы ерекше атап өтуге тұрарлық. Автор отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектерін, архивтік құжаттарды,</p>

			<p>архив материалдарының жарияланған жинақтарын, сондай-ақ естеліктер мен сұхбат материалдарын кеңінен тартқан. Бұл дереккөздердің әртүрлілігі мен сенімділігі зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін арттырып, тұжырымдардың дәлелділігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Осылайша, диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелердің барлығы тиісті ғылыми әдебиеттерге нақты сілтемелер беру арқылы расталып, зерттеудің теориялық және деректік базасының жоғары деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толық жеткілікті болып табылады
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	<p>Диссертация «ашаршылық» және «аштық» ұғымдарының терминологиялық-дефинициялық талдауын жүргізе отырып, отандық тарих ғылымындағы осы түсініктердің концептуалды шеңберін нақтылайды. Халықаралық ғылыми дискурста қалыптасқан «famine», «голодомор», «геноцид» ұғымдарымен салыстырмалы талдау жүргізілуі отандық тарих ғылымының теориялық-методологиялық аппаратын байытуға нақты үлес болып табылады. Бұл теориялық нақтылау болашақ зерттеушілер үшін де маңызды методологиялық тірек қызметін атқарады.</p> <p>Диссертация Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың өңірлік ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздей отырып, жалпыреспубликалық тарихи үдерістер мен өңірлік тарихи болмыстың өзара байланысын түсіндіретін теориялық модель ұсынады. Бұл модель өңірлік тарих зерттеулерінің теориялық базасын дамытуға маңызды үлес қосады.</p> <p>Диссертацияда кәмпескелеу, ұжымдастыру және мал дайындау науқандарының өзара байланысы кешенді себептік жүйе ретінде теориялық тұрғыдан</p>

		<p>тұжырымдалған. Бұл тұжырымдама тоталитарлық мемлекеттің аграрлық саясатының демографиялық апаттарды туындатудағы механизмдерін түсіндіретін теориялық білімнің жаңа қабатын қалыптастырады. Аталған теориялық үлес тек қазақстандық тарих ғылымы шеңберінде ғана емес, кеңестік тарихты зерттейтін халықаралық ғылыми қауымдастық үшін де маңызды болып табылады.</p> <p>Ғылыми айналымға алғаш рет тартылған архивтік деректердің жүйеленуі мен сыни бағалануы отандық деректану теориясының дамуына тікелей үлес болып табылады. Атап айтқанда, кеңестік іс жүргізу құжаттарының идеологиялық сипатын ескере отырып жүргізілген деректанушылық талдаудың теориялық тәсілдері болашақ зерттеушілер үшін методологиялық нұсқаулық қызметін атқара алады.</p> <p>Диссертацияда қолданылған өңірлік-салыстырмалы талдау тәсілі - Орталық Қазақстандағы ашаршылықты жалпыреспубликалық және жалпыкеңестік контекстпен салыстыра зерттеу - отандық тарих ғылымындағы салыстырмалы-тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық базасын дамытуға нақты үлес болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы терминологиялық-концептуалды, өңірлік-тарихи, деректанушылық және салыстырмалы-методологиялық тұрғылардан анық байқалады және жан-жақты негізделген. Жұмыс отандық тарих ғылымының теориялық базасын байытуға елеулі үлес қосатын зерттеу ретінде бағаланады.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p>	<p>Диссертацияның нәтижелері жалпы білім беретін мектептерде және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқытуда тікелей пайдаланылуы мүмкін. Атап</p>

- 1) ия;
- 2) жоқ.

айтқанда, Орталық Қазақстан өңірі бойынша жинақталған деректемелік материалдар мен тұжырымдалған ережелер тарих пәнінің оқулықтарына, оқу-әдістемелік құралдарға және семинар сабақтарының материалдарына енгізілуі мүмкін. Өңірлік тарихи материалдарды білім беру процесіне енгізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарымен де үйлеседі.

Диссертацияның нәтижелері Ашаршылық тарихын мемлекеттік деңгейде мойындау, ескерту іс-шараларын өткізу және тарихи жадыны сақтау саясатын іске асыру аясында практикалық тұрғыдан пайдаланылуы мүмкін. Орталық Қазақстан өңірі бойынша алынған нақты деректер мен тұжырымдар Қарағанды облысының мемлекеттік органдары үшін өңірлік тарихи саясатты қалыптастыруда деректемелік негіз ретінде қызмет ете алады. Сонымен бірге диссертацияның материалдары Ашаршылық құрбандарын еске алу іс-шараларын ұйымдастыруда және ескерткіш кешендерін жобалауда пайдаланылуы мүмкін.

Диссертацияда ғылыми айналымға енгізілген архивтік деректер мен олардың жүйелену тәсілдері Орталық Қазақстан облысының мемлекеттік архивтерінде қорларды каталогтау, цифрландыру және ғылыми сипаттама жасау жұмыстарында практикалық нұсқаулық ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл архив жұмысының сапасын арттыруға және тарихи деректердің сақталуын қамтамасыз етуге практикалық үлес болып табылады.

Диссертацияның нәтижелері Қарағанды облысының өлкетану музейінде, тарихи-мәдени орталықтарда және жергілікті тарихи-зерттеу ұйымдарында экспозициялар мен көрмелер жасауда тікелей пайдаланылуы мүмкін. Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихы бойынша жинақталған деректемелік материалдар өлкетанушылық зерттеулердің деректер базасын айтарлықтай байытады.

		<p>Диссертацияда қолданылған методологиялық тәсілдер мен жинақталған деректемелік база болашақ зерттеушілер үшін Қазақстанның басқа өңірлері бойынша ұқсас зерттеулер жүргізуде практикалық үлгі қызметін атқара алады. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы білім беру, мемлекеттік тарихи саясат, архив жұмысы, өлкетану және ғылыми-зерттеу салаларын қамтитын кең ауқымда айқын байқалады. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігінің жоғарылығы жұмыстың таза академиялық шеңберден шығып, қоғамдық-практикалық маңызы бар зерттеу ретінде де бағалануға лайықты екенін растайды.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар Орталық Қазақстан өңірінің нақты тарихи, демографиялық және әлеуметтік ерекшеліктерінен тікелей туындайтындықтан, бұрынғы жалпыреспубликалық зерттеулердің ұсыныстарын жай қайталамайды. Орталық Қазақстан аумағы бойынша бұрын кешенді зерттеу жүргізілмегендіктен, осы өңірге арналған практикалық ұсыныстар ғылыми айналымда алғаш рет тұжырымдалып отыр, бұл олардың толыққанды жаңалығын айғақтайды. Диссертацияда Орталық Қазақстан облысының мемлекеттік архивтеріндегі 1930-шы жылдарға қатысты қорларды жүйелі цифрландыру, каталогтау және ғылыми айналымға кеңінен тарту қажеттілігі туралы ұсыныс алғаш рет нақты деректемелік негізде тұжырымдалған. Бұрынғы зерттеулерде мұндай өңірлік нақтылықтағы деректанушылық ұсыныстар берілмеген. Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихын жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына өңірлік компонент ретінде енгізу туралы ұсыныс нақты деректемелік материалдармен негізделген жаңа тұжырым болып табылады. Бұрынғы</p>

			<p>зерттеулерде Орталық Қазақстанның өңірлік ерекшелігіне сүйенген мұндай білім берулік ұсыныстар тұжырымдалмаған.</p> <p>Ашаршылық құрбандарын еске алу іс-шараларын Орталық Қазақстанның нақты тарихи географиясымен - ашаршылықтың ең қатты тиген аудандарымен, қоныс аудару бағыттарымен, жаппай қырылу орындарымен - байланыстыра жүргізу туралы ұсыныстар диссертацияда алғаш рет нақты деректемелік негізде берілген. Бұл ұсыныстар мемлекеттік тарихи ескерту саясатын өңірлік деңгейде нақтылаудың жаңа бағытын айқындайды.</p> <p>Диссертацияда Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихын одан әрі зерттеудің нақты бағыттары - ауызша тарих (oral history) әдісін пайдалану, шекаралас өңірлермен салыстырмалы зерттеулер жүргізу, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту - алғаш рет жүйелі түрде ұсынылған. Бұл ұсыныстар болашақ зерттеушілер үшін жаңа ғылыми бағдар болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған практикалық ұсыныстар өңірлік нақтылығы, деректемелік негізділігі және салалық кеңдігі тұрғысынан толығымен жаңа болып табылады. Ұсыныстардың жаңалығы олардың нақты зерттеу нәтижелерінен органикалық түрде туындауымен және бұрынғы зерттеулерде тұжырымдалмаған мәселелерді қамтуымен қамтамасыз етілген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Т.Қ. Сақабайдың «Орталық Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары» атты диссертациялық зерттеуінің академиялық жазу сапасы жоғары деп бағаланады. <p>Диссертация ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келуімен, тілдік нақтылығымен және тұжырымдардың жүйелі әрі логикалық бірізділікпен берілуімен</p>

			<p>ерекшеленеді. Автор зерттеу нысанын талдауда академиялық баяндаудың айқын құрылымын сақтап, күрделі тарихи мәселелерді ғылыми терминологияны орынды қолдану арқылы терең әрі түсінікті жеткізе алған. Тарихи үдерістер мен құбылыстарды сипаттауда қолданылған ғылыми тіл дәл, мазмұнды және академиялық нормаларға толық сәйкес келеді.</p> <p>Сонымен қатар, жұмыста дереккөздермен жұмыс істеу мәдениеті жоғары деңгейде көрініс тапқан: пайдаланылған әдебиеттер мен мұрағаттық материалдарға сілтемелер жүйелі түрде беріліп, ғылыми дәйектілік қамтамасыз етілген. Пікірлер мен қорытындылар нақты дәлелдерге негізделіп, авторлық ұстаным айқын байқалады. Диссертацияның әрбір тарауы мен тармағы мазмұндық тұтастықты сақтай отырып, жалпы зерттеу логикасына бағынышты түрде жазылған.</p> <p>Атап өту қажет, автордың қазақ тіліндегі ғылыми жазу дәстүрін жетік меңгергені байқалады: ойлар анық тұжырымдалған, баяндаудың ғылыми стилі мен публицистикалық реңк арасындағы шекара сақталған, терминологиялық дәлдік барлық бөлімдерде бірізді түрде қолданылған. Бұл ерекшелік диссертацияның оқылымдылығын арттырып, ғылыми қауымдастық үшін де, кең оқырман үшін де қолжетімді еңбек ретінде қабылдануына мүмкіндік береді.</p> <p>Жалпы алғанда, диссертацияның академиялық жазу стилі талапқа сай, мазмұн мен форма үйлесімділігі сақталған, ғылыми еңбектерге қойылатын жоғары стандарттарға жауап беретін сапалы зерттеу ретінде бағаланады.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>1. Босқыншылық барысын зерттегенде ішкі облыстар мен шекаралас мемлекеттерге босып барғандардың жағдайы, сол жерлерде оларды жұмысқа орналастыру немесе кері қайтару мәселесіне орай жүргізілген іс-шаралар кең тұрғыда қарастырылу қажет еді.</p> <p>2. Нәубет тұсындағы балалардың ашығуы мен өліміне қатысты мәселелер жоғары үкімет тарапынан қалай</p>	

		<p>шешілді, осы мәселені толықтыра түскенде маңыздылығы арта түсері сөзсіз.</p> <p>3. Жұқпалы аурудың таралуына орай оны ауыздықтауға қатысты комиссиялар құрылып, жұмыс істеген. Зерттеу барысында өлкедегі осы комиссияның жұмыстарына, пайымдарына назар аударылуы керек еді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары. Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сай 12 мақалада жарияланған.</p> <p>- ҚРҒБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізімінде - 5;</p> <p>- халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 7 жарияланған мақаласында сыннан өткен.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі	<p>Т.Қ. Сақабайдың «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары» диссертациясы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. «8D02202- Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады, диссертация авторы «8D02202- Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты.</p>

Рецензент:

тарих ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

